

## **Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында тарихи ғылымдарды жаңғыртудың негізгі бағыттары**

2013 жылдың 5 маусымында Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ҚР Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің төрағалығымен Қазақстан Республикасының тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысы өтті. Тарихшылардың осы алқалы мәжілісінде елдің болашағы үшін тарихымызды жаңаша көзқарас тұрғысынан зерделей түсу, ұлттық сананы нығайту, өзекті тақырыптарды зерттеу және жаңа заманға сай оқулықтар жазу сияқты нақты міндеттер жүктелді.

Қазақ елінің тарихы патшалық және кеңестік билік заманында бұрмаланып, дұрыс жазылмай келді. Тек еліміз еркіндікке қол жеткізгеннен кейін ғана «ақтандақ» беттері ашылып, ұлттық тарих жазыла бастады. Қазақ елі Тәуелсіздігінің 20 жылдығына дейін көптеген зерттеу еңбектері жарыққа шықты. Бірақ әлі де зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыптар бар. Соның бірі – тарих ғылымының теориясы мен методологиясы. Себебі теория-методология мәселесін көтермейінше, зерттеу жұмыстары да өз дәрежесінде болмайды. Қазіргі жаһандану заманында қазақ халқының ұлт болып сақталуы үшін ұлттық құндылықтары насихатталып, төл деректері, құнды мұралары зерттеле түсуі қажет. Әлемдегі өркениетті елдердегі сияқты тарих ғылымының теориясы мен методологиясы біздің еліміздегі отандық тарих ғылымы бойынша дұрыс жолға қойылуы керек. Осы аталған тақырыпқа қатысты бірқатар зерттеушілердің шағын мақалалары мен жинақтары жарық көргенімен, арнайы нұсқаулық немесе оқулық ретінде жазылған теория-методологияға қатысты іргелі зерттеу еңбектер жоқ. Қандай да болмасын зерттеу жұмысы, зерттеу нысанын дәл анықтаудан басталады. Зерттеу нысаны дәл анықталмай, зерттеу мақсатына жету мүмкін емес. Ол тарих ғылымына да тән заңдылық. Кеңейтілген отырыста дәл осы аса маңызды методологиялық мәселе толығымен айқындалды десек те болады.

Негізі кеңестік кезеңде қаланған Қазақстанның тарих ғылымының басты зерттеу нысанын большевиктік билік кезінде «Қазақ ССР тарихы» деп ұлттың емес, мемлекеттің тарихын анықтап берсе, 1991 жылдың соңынан бастап, яғни тәуелсіздік жылдары, Қазақстан тарихшылары «Қазақстан тарихын», яғни тағы да мемлекет тарихын зерттеп, «Қазақстан тарихын» оқытып келеді. Ал тарихты мемлекет жасамайды, сол мемлекетті құрушы ұлт жасайды. Демек, қай мемлекеттің болмасын тарихшылары алдымен сол мемлекетті құрушы ұлттың тарихын зерттеулері керек. Бізде де солай болуы тиіс. Ол туралы Мемлекеттік хатшы өз сөзінде: «Қазіргі күні мемлекетіміздің қалыптасқан белесінде біз өз тарихымызды осы заманғы ғылымның биігінен

пайымдауға және ұлттық тарихтың бөлінбейтін бейнесін қалыптастыруға тиіспіз» деді. Бұл жерде Мемлекеттік хатшының «ұлттық тарих» деп қазақ тарихын айтып отырғандығына еш күмән болмау керек. М.Тәжин баяндамасында: «Кең-байтақ жеріміздің иесі де, киесі де қазақ екендігіне дау жоқ. Ата-бабаларымыз бұл жерді бізге аманат етіп қалдырған. Біз – мемлекет құрушы ұлтпыз» деп атап айтуы – соның дәлелі. Мемлекеттік хатшының бұл пікірінің шындыққа толық сай келетіндігін, қазақтардың автохонды, яғни текті, өзінің атамекенінде тұрақты өмір сүріп отырған ұлт екендігін, біріншіден, ҚР ҰҒА академигі Оразақ Смағұл ағамыз: «Қазақтың биологиялық, генетикалық, антропологиялық тарихы оның денесі мен қаңқа сүйектерінде жатыр. Ол туралы қытай не айтады, орыс не дейді, парсылар қандай пікір білдіреді, ендігі уақытта оның маңызы жоқ. Себебі 40 ғасырдан бері осы атамекенде тіршілік етіп, ұрпақ жалғастырып келе жатқан бізден өзге ұлт жоқ» деп, антропология ғылымы негізінде тайға таңба басқандай етіп дәлелдеп берді («Қазақ әдебиеті». 7. 06. 2013 ж.). Екіншіден, Алаш ардагерлері бұдан бір ғасыр бұрын тарихымызды өз атымен «Қазақ тарихы» деп атап, еңбектер жариялады. Атап айтқанда, 1913 жылы «Қазақ» газетінің бірнеше санында Түрік баласы (М. Дулатов) «Қазақтың тарихы» деген мақала жарияласа, 1925 жылы Қошкелі Кеменгерұлы Мәскеуде «Шығыс баспасынан» «Қазақтың тарихынан» атты кітап шығарды. Үшіншіден, қандай да болмасын нәрсе белгілі бір уақыт пен кеңістікте болады. Уақыт пен кеңістіктен тыс ешнәрсе де болмайды. Уақыт пен кеңістіктен шығу – жалпы ғылыми-зерттеудің ең басты ұстанымы. Бұл – тарихқа да тән ұстаным.

Қазақстанның тарих ғылымының зерттеу нысанын – «Қазақ тарихы» деп алу, осы ұстанымға да толық сай келеді. Ол, біріншіден, уақыт жағынан қазақ тарихын оның шыққан тегі: сақ, үйсін, ғұн, түрік дәуірлерінен бастауға мүмкіндік берсе, екіншіден, кеңістік жағынан алғанда тағдырдың тәлкегімен бүгінде әртүрлі мемлекеттердің аумағында қалып қойған, бірақ байырғы ата-баба жерін мекен етіп отырған 5 миллионға жуық қандастарымыз тарихын да толық қамтуға мүмкіндік береді. Олай болса, біз неге әр нәрсені өз атымен атап, тарихымызды «Қазақ тарихы» деп зерттеп, «Қазақ тарихы» деп жазбаймыз?! Әрине, ол, мемлекет тарихы арнайы зерттелмесін деген сөз емес. М.Тәжин мемлекет тарихын, атап айтқанда Қазақстан Республикасының тарихын арнайы зерттеудің қажеттігіне де ерекше тоқталды. Қазақстанның қазіргі заман тарихы – тарих ғылымында салыстырмалы түрде алғанда жаңа бағыт екендігін айта келе, Мемлекеттік хатшы: «Біз өзіміздің қазіргі тарихымыздың басты мән-мағынасын жүйелі, ғылыми негізде түсініп алуға тиіспіз» деп, тарихшылар алдына нақты міндеттер қойды. Осылай, Мемлекеттік хатшы түйінді мәселені тарқатып, тарих ғылымының басты зерттеу нысандарын айқындап берді. Олар: тамыры тереңнен тартылған ұлттық тарих – *Қазақ тарихы* мен өзіндік ерекшеліктерге толы – *Қазақстан Республикасының тарихы*.

Патшалық және кеңестік империяның тұсында ұлттық тарихымыз бұрмаланғаны белгілі және оны басқа ұлт өкілдері жазды. Қазақ зиялыларының да ел тарихына байланысты қалам тартып, зерттеулер жазғаны болды. Бірақ оларға шектеу қойылып, қуғындалды. Тек саяси идеология құралына айналдырылған тарих жазылды. Бір сөзбен айтқанда, үлкен қиянат жасалып, тарихымыз таптаурын күйге түсті. Соның салдарынан осы күнге дейін Отандық тарих ғылымының теориясы мен методологиясы қалыс қалып келді. Мысалы, Қазақстан бойынша Қаз КСР Ғылым академиясы төралқасының 1978 жылғы 7 қыркүйектегі №131 қаулысымен Тарих институтында «Қазақстанның тарихнамасы» деп аталатын бөлімі ғана ашылған екен, оның өзі кеңестік идеологияның шеңберінен шығып, зерттеулер жасай алмады. Ал басқа институттар мен университеттерде арнайы Отан тарихының теория-методологиясымен айналысатын кафедралар мүлдем ашылған жоқ. Сондықтан тарихшыларымыздың алдында тұрған үлкен бір міндет осы салаға қатысты болып тұр.

Тарих ғылымының теориясы мен методологиясына қатысты ұғымдар және түсініктеріне тоқтала кетсек. Тарих теориясы – жалпы тарих туралы теория жайында. Қалай айтқанда да, тарих теориясы – бұл жоғары, тарихи танымның дамыған деңгейі. Яғни нақты тарихи оқиғалар мен құбылыстардың сипатталу деңгейін көрсетеді. Тарихи зерттеу теориясында тарихтың жалпы проблемалары, шындығы және танымы қарастырылады.

Тарих методологиясы – (грек тіл. *methodos* – әдіс, таным жолы *logos* – сөзі) – тарих ғылымының әдістемелік таным туралы пәні және тарауы болып табылады. Әдістеме – тарихи зерттеудің құралы ретінде пайдаланылады. Әдістемелер арқылы тарихшы жаңа білім алып, оқиғалар туралы мәліметтерді нақтылайды.

Қазіргі заманда «методология» ұғымы бастапқы мағынадағыдай ғана аясы тар емес, тарихи танымның жалпы негізін құрайды. Бір сөзбен айтқанда, тарих методологиясы нақты тарихи зерттеу тәжірибесінің теориялық көрінісі ретіндегі әдістемелер, ұстанымдар, ғылыми тарихи түсініктер т.б. Тарихшының зерттеу жұмысының тәжірибесін баяндай отырып, методология танымға жетелейтін ойға мүмкіндіктер береді. Демек, методология тарихи зерттеуде жеке және жалпы проблемаларға сараптама жасайды. Бірақ кез келген проблемаға нақты жауапты даярлап тұрмайды. Оны қарастырудың, зерттеудің жолдарын көрсетеді.

Қазақ зиялысы А. Байтұрсынов былай деп жазған еді: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады». Демек, Отан тарихын тарихшылар өз дәрежесінде зерттеу үшін тарих ғылымының теориясы мен методологиясына баса назар аударуы қажет.

Деректанушы ғалым Қ.М. Атабаев Отан тарихы ғылымының методология мәселесіне байланысты мынадай тұжырым жасаған: «Отандық тарих ғылымындағы басты кемшілік – методологиялық кемшілік. Барлық ғылымның негізі методологияда жатыр. Методологиялық, теориялық мәселелерді анықтап алмай, басқа ғылымдар сияқты, тарих ғылымының да өз дәрежесінде дамуы мүмкін емес. Қазақстанда тарих ғылымының міндеті, функциясы не болуы керек? Алдымен осыны анықтап алуға тиіспіз. Ең бастысы, методологиялық проблема – осы. Қазақстан тарихы ғылымының міндеті қазақ ұлтының тарихын зерттеу болуы керек».

Қазіргі заманда «тарихтан тәрбие», «тарихтың тәрбиелік күш-қуаты» деген негізді ұғымдар біздің мәдениетіміз бен қоғамдық өмірімізде қолданысқа енген. Әсіресе Тәуелсіздік алған уақыттан бері мемлекеттің алдында жас ұрпақты жаңаша тарихи көзқарас тұрғысынан оқыту мен тәрбиелеу міндеті қойылды. Ондағы мақсат тарихын білетін, ұлты мен мемлекетін сыйлайтын жас ұрпақты тәрбиелеуге байланысты еді. Міне, осындай рухани ұлттық құндылықтар мен тарихын терең білетін ұрпақ қана ұлтжанды болып өсетіндігі сөзсіз. Дегенмен, ұлттық тарихты да, Қазақстан Республикасының тарихын да заман талабына сай зерттеп, жазу үшін біздегі тарих ғылымына үлкен өзгерістер қажет. Атап айтқанда, тарих ғылымын құбылыстың тек сыртқы суреттемесін ғана сипаттауға қабілетті қазіргі эмпирикалық, яғни әдеттегі іс-тәжірибелік деңгейден, тарихи құбылыстың ішкі мән-мағынасын аша алатын, түсіндіре алатын теориялық деңгейге көтеру қажет.

Тарихшылардың атқарар функциясы түбірімен өзгертілуі керек. М.Тәжиннің айтуынша: «Ендігі жерде тарихшы фактілерді тізбелеп, суреттеп отырушы, оқиғаларды тек «тіркеуші» емес, тарихшы «пайымдаушыға» – зерттелетін уақыттың ішкі мағынасына ой жіберетін ғалымға, фактілерді жай зерттеп қана қоймайтын, нақты қоғамның құндылықтарын, жөн-жосықтарын, моралін «түсінуге» қол жеткізетін ғалымға айналуға тиіс».

**О.Т. Нұрбай**, Солтүстік Қазақстан облысы, Ғ.Мүсірепов ауданы,  
Чистопол орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі

**Қолданылған әдебиеттер:**

[1] «Қазақ әдебиеті». 7. 06. 2013 ж.

[2] Деректану пәнін оқыту методикасы. – Алматы: 2011 ж. 14 б.

[3] ҚР Мемлекеттік хатшысы М.Тәжиннің баяндамасы. 5 маусым 2013

ж.

